*Мереке қарсаңында*

# Ана – теңдесі жоқ ұлылық

Көктемнің шуақты мерекесі қарсаңында Алғабас ауылының Пушкин негізгі мектебінің бастауыш сыныбында тәлім мен тәрбиеге бай ертеңгілік өтті.



Бастауыш сынып ұстазы А.Қ.Алиасқарованың жетекешілігімен өткен салтанатты шараға ата-аналар, мектеп директоры куә болды.

Алдымен барша жиналған көрермен арасында «Аялы алақан» ойыны өткізілді. Ойынға жиналған көрермен барынша ат салысты. Мектеп директоры А.Х. Мустафин аналар қауымын мерекелерімен құттықтап жүрекжарды тілегін білірді.

Мерекенің екінші бөлімінде оқушылар арасында «Көктем аруы» сайысы өтті. Бес бөлімнен құралған сайысқа қатысқан бүлдіршіндер өнеріне тәнті болдық. Сайыс ережесіне сай әр үміткердің шеберлігі бағаланып, өнеріне қарай марапатталды, сый-сияпат көрсетілді.

Сайыс соңы концерттік бағдарламаға ұласты.

**Н.Б. Жұматаева**
**Алғабас ауылының кітапханашысы**